

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық университеті» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімінен

БЕКІТІЛДІ

«23» 04 2025ж. № 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров



**Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар
4S02110201 «Дыбыс операторы»**

Мамандық атауы және коды	Біліктілігі	Базасы	Топ
02110100 «Дыбыс-оператор шеберлігі»	4S02110201 «Дыбыс операторы»	9 сынып базасында	Қазақ. орыс

Талапкерге қойылатын талап:

Ең алдымен талапкер ҚазҰӨУ колледжіне қабылдану тәртібімен танысуы керек.

Балалар музыкалық мектебі немесе балалар өнер мектебін бітіргендігі туралы куәліктің болуы құпталады.

«Дыбыс операторы» мамандығына түсуші талапкер өзінің есту қабілетін, музыкалық талғамын, ұқыптылығын және дыбыспен жұмыс істеудің негізгі түсінігін көрсетуі тиіс.

Талапкерде келесі қабілеттердің болуы ерекше назарға алынады:

- ✓ Негізгі физикалық ұғымдарды (тербеліс, толқын, дыбыс) түсіну.
- ✓ Механика, акустика, электроника бойынша базалық білімдер.
- ✓ Толқын, қысым және жиілікті есептеуге арналған қарапайым есептерді шешу дағдылары.
- ✓ Компьютермен және цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдылары.
- ✓ Аудио монтаждауға арналған компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу негіздерімен танысу, цифрлық дыбыстық жұмыс станцияларымен (DAW) танысу.
- ✓ Дыбыс жабдықтарымен жұмыс тәжірибесі.
- ✓ Дыбыстық көріністерді талдау қабілеті.
- ✓ Жабдықпен жұмыс істеуде мұқияттылық пен төзімділік.
- ✓ Креативті ойлау және дыбыстық бейнелер жасауға деген қызығушылық.

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

3 кезеңнен тұрады.

- 1.1. **Сұхбат.** Емтихан комиссиясының сұрақтарына ауызша жауап (сұрақтар мысалдары төменде келтірілген).
- 1.2. **Билет бойынша жазбаша жұмыс.** Әр билетте талапкердің теориялық және жалпы кәсіби дайындығын тексеретін 2 сұрақ болады (жазбаша сұрақтар мысалдары төменде).
- 1.3. **Физикадан тест тапсырмалары (мысалдары төменде)..**

Сұхбат сұрақтарының мысалдары:

1. Сіз дыбыс операторы ретінде өз жұмысыңызды қалай елестетесіз?
2. Сіз бұл мамандықты таңдауыңыздың себебі неде?

Жазбаша сұрақтардың мысалдары:

1. Дыбыс режиссері, дыбыс операторы, дыбыстық безендіруші, дыбыстық редактор деген кім? (әр мамандыққа нақты анықтама беріп, олардың айырмашылығын түсіндіріңіз).
2. Дыбыс операторлары жұмыс істейтін қандай салаларды білесіз?

Физикадан тест тапсырмаларының мысалдары:

Адам құлағы қабылдайтын жиіліктер диапазоны қандай?

- a) 10–100 Гц
- b) 20–20 000 Гц
- c) 1000–10 000 Гц
- d) 200–2000 Гц

20 Гц-тен төмен жиіліктегі дыбыс қалай аталады?

- a) Ультрадыбыс
- b) Инфрадыбыс
- c) Мегадыбыс
- d) Супердыбыс


2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Мамандық бойынша емтихан тапсырушы ұсынылған үш музыкалық үзіндіні терең талдау бойынша жазбаша жауап беруі тиіс. Талдау келесі элементтерді қамтиды: стиль, ырғақ, әр композициядағы аспаптар саны, аспаптардың тембрі, композициялардың және олардың ішіндегі кейбір аспаптардың акустикалық сипаттамалары (дыбыстың қаттылығы, жоспарлылығы немесе тереңдігі, кеңістігі, реверберация немесе жаңғырық).

Кафедра меңгерушісі

«Операторлық өнер, дыбыс режиссурасы
және арт-менеджмент» кафедрасы»

ПЦК «Эстрада өнері» төрағасы

Бектенов С.Ж.

Оспанов Б.Ж.